



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҰЛТТЫҚ БАНКІ
№ 4 БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ
2007 ЖЫЛҒЫ 24 ҚАҢТАР

«Теңге нышаны» конкурсы туралы

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі теңгенің нышанын жасауға арналған конкурсты өткен жылғы қараша айында жариялаған болатын. Ұлттық валютаның графикалық бейнесін енгізу қаржылық құжат айналымын жеңілдетіп қана қоймайды, оның халықаралық аренадағы жай-күйін нығайтады және теңгені әлемдік экономикалық кеңістікте танымал етеді, бұл Қазақстанның ДСҰ-на енуі және біздің республикамыздың дүние жүзіндегі бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына кіруі үшін маңызы зор.

Қазіргі уақытта ҚР Ұлттық Банкінің атына теңге нышанының бейнелерімен түрлі нұсқадағы 200-ден астам жұмыс түсті.

Дәулет Сембаев, «Қазкоммерцбанк» ААҚ Директорлар кеңесі төрағасының орынбасары, конкурстық комиссияның төрағасы: «2007 жылдан бастап теңге шын мәнінде еркін айырбасталатын валюта болады, демек оның өзінің нышаны болуы тиіс. Халықаралық практикада осылай. Сондықтан теңгенің графикалық белгісін жасау жұмысы өзекті мәселе ғана емес, ол - болашаққа ұмтылу. Теңгенің өзіндік бет-әлпеті болады және бұл оның әлемде танымал болуына мүмкіндік береді».

«Теңге нышаны» конкурсы жалпыұлттық, демек оған жасына қарамай кез келген адам қатыса алады. Ең кішісі - 7 жас. Конкурстың шарттары біршама қарапайым. Теңгенің идеограммасын – стильді белгісін жасау керек, ол ықшам және технологиялық сипатта болуы тиіс. Яғни кез келген тасымалдауышта ұтымды, көлемі өзгерген кезде оқылатын, ақ-қара түспен орындау кезінде анық және көзге жақсы көрінуі тиіс. Оны конкурсқа қатысушылар графикалық және көркем түспен, А-4 форматында орындай алады және жұмысқа қоса нышан тұжырымдамасының сипаттамасын бірге береді.

«Кәсіби» конкурсқа қатысуға ниет білдіргендер үшін міндетті шарт: теңге нышанының бейнесін ҚР Ұлттық Банкіне электронды тасымалдауышпен (Corel Draw 7-12 программасында), өзінің деректерін немесе шығармашылық ұжым туралы деректерді (Аты-жөні, адресі, телефон, e-mail) қоса беруі тиіс. Өтінімдерді берудің соңғы мерзімі 2007 жылғы 1 наурыз. Конкурс жеңімпазы 22 наурызда жарияланатын болады.

Конкурстық жұмыстарды арнайы комиссия қарайтын болады, оның құрамына түрлі қызмет саласындағы адамдар кірген. Бұл «Теңге нышаны» конкурсының «халықтік» екендігін растайды.

Конкурстық Комиссия Төрағасы – Сембаев Д.Х. – «Қазкоммерцбанк» ААҚ Директорлар кеңесі Төрағасының орынбасары;

Конкурстық Комиссия Төрағасының орынбасары – Әлжанов Б.А. – Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары;

Конкурстық комиссия мүшелері:

Аханов С.А. – Қазақстан Қаржыгерлері қауымдастығы кеңесінің төрағасы;

Сәбилянов Н.С. – Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің Қаржы және бюджет комитетінің мүшесі;

Мергенов Е.Т. – Қазақстан Суретшілер одағының төрағасы;

Байтасов А.М. – Қазақстан Ұлттық Телехабаршылар қауымдастығының президенті;

Марченко Г.А. – «Қазақстан Халық банкі» ААҚ Басқармасының төрағасы;

Ли В.С. - «Банк ЦентрКредит» ААҚ Басқармасының төрағасы;

Ертаев Ж. Ж - «Сеймар Альянс қаржы корпорациясы» АҚ Басқармасының төрағасы;

Матаев С.Б. - Ұлттық баспасөз-клубының президенті, Қазақстан Журналистер одағы басқармасының төрағасы;

Сатыбалдиев Е.А. – «Мектеп» республикалық баспасының директоры, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі;

Қожабаев Е.Ж. – «Интерпринт» баспасының директоры, Қазақстан Суретшілер одағының мүшесі, Қазақстан Дизайнерлер одағының мүшесі;

Крутских С.В. - «Ренессанс» коммуникативтік менеджмент агенттігінің директоры, Ұлттық жұртшылықпен байланыс қауымдастығының президенті;

Рузанов А.Б. – Қазақстан қоғамдық пікірді және нарықты кәсіби зерттеушілер қауымдастығының президенті;

Ивженко В.П. – Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Қолма-қол ақшамен жұмыс департаментінің Банкноталар мен монеталар дизайны бөлімінің бастығы

Конкурстық комиссия хатшысы - Сапарғалиева А.С. – Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі басшылығының қызметін қамтамасыз ету басқармасының жетекші референті.

Әнуар Сәйденов, ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының Төрағасы: «Идеограммалар жасаудың маңыздылығы ұлттық валютаның таңбалануын жеңілдетіп қана қоймайды, ол сонымен бірге ұлттық валютаның халықаралық нарықтағы позициясын нығайтуға да себепші болады. Мұның өзі бүкіл халықты отансүйгіштік идеясының төңірегіне біріктіреді – өйткені әрбір қазақстандық «Теңге нышаны» жобасына қатыса алады және сөйтіп еліміз тарихының тағы бір тың бетін жазуға қатыса алады. Конкурстық комиссияның құрамына алуан түрлі саланың кәсіби мамандары біріктірілді. Мұның өзі, конкурстың идеясы қаржыгерлерге де, гуманитарларға да жат емес дегенді білдіреді...»

Сонымен қатар жеңімпазы ұлттық валюта нышанының «ата-анасы» болып танылатын және бас жүлдені алатын (ҚР Ұлттық Банкі беретін 150 мың теңге + «Альянс-Банктен» 5000 мың доллар) «кәсіби» номинациясымен қоса тағы екі номинация бар - «Халықтық» және «Балаларға арналған». Бұл номинациялардың «кәсібіден» басты айырмашылығы – бұған өтінімдер қабылданған кезде аса қатты талап қойылмайды. Мұнда конкурсқа кез келген форматта орындалған теңге нышаны қабылданады. Жұмыс авторының деректері бар өтінімдерді мына электрондық мекен-жайға жіберуге болады: simvol-tenge@renessans.kz. Бұл номинациялардың тағы бір маңызды артықшылығы - теңге нышанының суретін жай ғана қағазға салып, хатпен жіберуге немесе «Теңге нышаны» жобасының ақпараттық агенттігі болып табылатын «Ренессанс» коммуникативтік менеджмент агенттігіне Алматы қаласы, Жандосов көшесі, 12 мекен-жайына қолма-қол әкеліп өткізуге болады. «Балаларға арналған» номинациясында аты айтып тұрғанындай, 16 жасқа дейінгі балалардың жұмыстары қаралады. «Халықтық» және «Балаларға

арналған» номинацияларының жеңімпаздары бағалы сыйлықтардан басқа ҚР Ұлттық Банкінің www.tenge2006.kz сайтында ұйымдастырылған интернет-дауыс беруде ең көп дауыс жинаған нышан авторы көрермендердің көзайым сыйлығын алады.

Еліміздің қаржы қауымдастығы жобаға белсенді кірісіп те кетті. «Альянс Банк» «Ренессанс» коммуникативті менеджмент агенттігімен бірлесіп қазақстандықтарды конкурсқа тартуға бағытталған бірнеше іс-шара өткізді. Белгілі ресейлік дизайнер, «Коммерсантъ» баспа үйінің арт-директоры Анатолий Гусевті шақырып, арнайы мастер-кластарға отандық дизайнер-графикшілерді жинады. Идея мазмұнын қысқаша сипаттай отырып, теңгенің графикалық белгісін жасау осы тренингтегі тапсырмалардың бірі болды. Белгіні әзірлеуге бөлінген уақыт бір сағатпен шектелді, одан кейін ең үздік деген үш жұмыс таңдалып, олардың авторлары «Альянс Банктен» бағалы сыйлықтар алды. Барлық жұмыстар бірдей «Халықтық» номинациясына қатысу үшін «Теңге нышаны» ұлттық конкурсына жіберілді.

16 желтоқсанда Алматыда теңге нышанының ең үздік бейнесіне жастар арасында конкурс өтті. MEGA Alma-Ata сауда-ойын-сауық кешенінде көшедегі граффити шеберлеріне арнап металл стендтер қондырылды. Қатысушылар конкурстың шарттары бойынша шағын сурет салудың орнына қызығып кетіп үлкен полотнолар салды. Көрермендер де зерігіп тұрмады. «Европа Плюс Қазақстан» радиостанциясының жүргізушісі Алексей Шах сыйлықтарымен бірге викториналар, конкурстар өткізді. Ең үздік жұмыстардың авторлары және ең белсенді деген көрермендер «Альянс Банктің» сыйлықтарымен марапатталды. Жастар конкурсына қатысушылардың да барлық жұмыстары «Халықтық» номинациясына қатысу үшін жалпыұлттық конкурсқа жіберілді.

Конкурс шарттары туралы толық ақпаратты ҚР Ұлттық Банкінің www.tenge2006.kz сайтынан алуға болды. Жақын уақытта сайтта «Теңге нышаны» конкурсына арналған Интернет-бет ашылатын болды. Онда конкурсқа қатысушылардың жұмыстары беріледі. Сонымен қатар «кәсіби» номинациядағы дизайнерлердің жұмыстарын өтінімдер қабылданып болғаннан кейін ғана көруге болса (идеялар ұрланбауы үшін), қалған номинациялардағы жұмыстар сайтқа келіп түсуіне қарай беріледі. Бұл ұйымдастырушыларға «Көрермендер көзайымы» номинациясын тағайындауға мүмкіндік береді. Қазақстандықтар көп дауыс берген жұмыс иелеріне бағалы сыйлықтар беріледі.

Конкурстың алғашқы айлары көрсетіп отырғандай, конкурсқа қатысуға тілек білдіруші, Қазақстан тарихында өз атын мәңгілікке қалдырғысы келетін қазақстандықтардың саны күн санап өсуде.